

**Павлодар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы "Павлодар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесін бекіту және Павлодар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы "Павлодар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 14/98 шешімінің күші жойылды деп тану туралы" № 30/171 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 мамырдағы № 3/44 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 25 мамырда № 7340 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Павлодар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Павлодар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы "Павлодар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесін бекіту және Павлодар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы "Павлодар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 14/98 шешімінің күші жойылды деп тану туралы" № 30/171 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5945 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар аудандық мәслихатының төрағасы*

*Ж. Шугаев*